КОПИЯ/КӨШІРМЕ

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АТЫНАН

# ШЕШІМ

2024 жылғы 22 қараша № 3514-24-00-2/5766 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Т.Муталяпова
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарап:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті» республикалық мемлекеттік мекеме

**ЖАУАПКЕР:**
дара кәсіпкер «Aisulu» Айсулу Тажбеккызы Хадалхан

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыпты өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**
Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 267-3, 267-4, 223-226, 229 бабын басшылыққа ала отырып, сот

**Ш Е Ш І М Е Т Т І:**

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жер ресурстарын басқару комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі жауапкер дара кәсіпкер «Aisulu» Айсулу Тажбеккызы Хадалхан мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыпақы өндіріп алу туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Aisulu» Айсулу Тажбеккызы Хадалхан сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ



Дара кәсіпкер «Aisulu» Айсулу Тажбеккызы Хадалханнан тұрақсыздық айыбы 4 587 (төрт мың бес жүз сексен жеті) теңге мөлшерінде, мемлекеттік баж 1984 (бір мың тоғыз жүз сексен төрт) теңге мемлекет кірісіне өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Муталяпова

Құжатқа қол қойылған: Муталяпова А. Т., 22.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.12.2024, судья Муталяпова А. Т., 10.01.2025

3514-24-3-1/6340